ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2023 жылғы 31 мамыр №4360-23-00-2/493 іс Қызылорда қаласы

Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші - судья С. Умарсирикова,
А. Абдраимованың хатшылығымен,
ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қызылорда облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының «№1 Қызылорда арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер «Сәтті» - Олжас Шағанбекұлы

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану

СОТҚА ҚАТЫСҚАН:
талап қоюшының өкілі Ж. Тажиев

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

2022 жылдың 26 желтоқсандағы №8834069-ЗЦП1 баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен мемлекеттік сатып алу қорытындысы туралы хаттамаға сәйкес, 2023 жылдың 9 қаңтарда талап қоюшы (Тапсырыс беруші) мен жауапкер (Өнім беруші) №41 тауарларды мемлекеттік сатып алу шартын (бұдан әрі - Шарт) жасаған.

Шарт аумақтық қазынашылық органына 2023 жылы 19 қаңтарда тіркелген.

Шарттың 1.1, 2.1-тармақтарына және 1,2-қосымшаларына сәйкес, жауапкер жалпы сомасы 2 024 750 теңгеге 1 750 кг. ірімшік өнімін тапсырыс берушінің жазбаша өтінімі және кесте бойынша 2023 жылдың 31 желтоқсанға дейін жеткізуге міндеттенген.

Жауапкер кестеге сәйкес қаңтар, ақпан, наурыз, сәуір және мамыр айлары бойынша 725 кг. өнімін жеткізілуіне тиісті талап қоюшымен 2023 жылы 6 ақпанда №01-26-01/110, 2023 жылы 13 наурызда №01-26-01/160 және 2023 жылы 19 сәуірде №01-26-01/265 сұраныс хаттары мен ескерту

хабарламалары электронды веб-портал арқылы жолдағанымен, жауапкер осы күнге дейін 2023 жылдың 21 ақпанда, 24 сәуірде және 12 мамырдағы қабылдап алу-беру актісі негізінде тек қана 78 кг. өнімін жеткізген, яғни тапсырыс берушінің жоғарыдағы аталған сұранысы бойынша жеткізуге тиіс өнімін толығымен әкелінбей отыр.

Сондықтан, талап қоюшы талап қоюмен сотқа жүгініп, арызда жауапкер шарт бойынша міндеттемесін тиісті түрде орындамағанын көрсетіп, оны мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тануды сұраған.

Талап қоюшының өкілі талап қоюды қолдап, талабын қанағаттандыруды сұрады.

Жауапкер сот отырысы туралы тиісті түрде хабарлағанымен сотқа дәлелсіз себептермен келмеген, талабына пікір ұсынбаған, сондықтан сот азаматтық істі Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі – АПК) 196-бабына сәйкес жауапкердің қатысуынсыз қарауды ұйғарды.

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің (бұдан әрі - АК) 272-бабына сәйкес, міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуы тиіс.

АК-нің 349-бабының 1-тармағына сәйкес, міндеттемені орындамау, не тиісті дәрежеде орындамау (мезгілінде орындамау, тауарлар мен жұмыстарды толық орындамау, міндеттеме мазмұнында белгіленген басқа жағдайларды бұзып орындау) - тиісінше орындамау оның бұзылуы деп түсініледі.

«Мемлекеттік сатып алу туралы» 2015 жылғы 4 желтоқсандағы №434-V ЗРК Қазақстан Республикасының Заңының 12-бабының 4-тармағының 3)-тармақшасына сәйкес, өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған өнім беруші мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар тізіліміне енгізіледі.

Іс құжаттарынан анықталғандай, жауапкер 2023 жылдың қаңтар, ақпан, наурыз, сәуір және мамыр айлары бойынша 725 кг. өнімін талап қоюшының тапсырыс бойынша жеткізілуіне тиісті болғанымен, тек қана 78 кг. жеткізіп, ал 647 кг. жеткізбеген, сондықтан талап қоюшы жауапкерге шарттық міндеттемесін тиісінше орындамағанына үшін сотқа жүгінетінін туралы сұраныс хабарламаны жолдаған.

Талап қоюшының талабы жоғарыда аталған шартпен, оның қосымшаларымен, хабарлама хаттарымен т.б. құжаттармен дәлелденеді.

Шарттағы көрсетілген өнімнің жыл басынан бері уақытылы жеткізілмеуі салдарынан, тапсырыс беруші тарап бойынша – стационарлық

Құжатқа қол қойылған: Умарсирикова С. С., 07.06.2023

Заңды күшіне енген күні: 11.07.2023, судья Елшібеков Б. Е., 13.07.2023

және жартылай стационарлық үлгідегі ұйымда тәуілік бойы тұрақты немесе уақытша тұруға арналған бірінші және екінші топтағы мүгедектігі бар адамдарға және егде жасына байланысты өзіне қызмет көрсетуге мүмкіндігі жоқ адамдарға әр тәуілікке және апталыққа нақтыланып бекітілетін ас мәзіріне және диеталық тамақтандыруды қоса алғанда, тамақ ұсыну өнімдерінің құрамында ірімшік өнімін болмау салдарынан қиындық тұдыруда.

Сот, талап қоюшы өкілінін түсінігін тыңдап, іс құжаттарын зерттеп, жауапкер Шартта көрсетілген міндеттемесін тиісінше орындамауына байланысты, Заңның 12-бабының 4-тармағының 3)-тармақшасына сәйкес талап қоюды заңды әрі негізді деп санап, жауапкер мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылуға жатады деп санайды.

АПК-нің 117-бабына сәйкес жауапкерден мемлекет кірісіне сот шығыны 1 725 теңге мемлекеттік баж өндірілуі тиіс.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа ала отырып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Қызылорда облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының «№1 Қызылорда арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің талап қоюы қанағаттандырылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер «Сәтті» - Олжас Шағанбекұлы мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер «Сәтті» - Олжас Шағанбекұлынан мемлекет кірісіне сот шығыны 1 725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге мемлекеттік баж сомасы өндірілсін.

Шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалармен өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Қызылорда облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына АПК-нің 403, 404-баптарының талаптары сақтала отырып, апелляциялық шағым беруі, прокурормен апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья **С. Умарсирикова**

Құжатқа қол қойылған: Умарсирикова С. С., 07.06.2023

Заңды күшіне енген күні: 11.07.2023, судья Елшібеков Б. Е., 13.07.2023

4360-23-3-1/530